



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ү К І М

2022 жылдың 19 қыркүйегі іс №3166-22-00-1/90

Шу қаласы

Жамбыл облысының Шу аудандық соты құрамында:
төрағалық етуші судья М.М. Тілеубеков,
сот отырысының хатшысы Ж.Ә. Әйділдаевтың,
мемлекеттік айыптаушы - прокурор Г.О. Абуеваның,
жәбірленушілер -

сотталушы - Ә.А.

қосымша қорғаушы Г.Ж. Тугелбаевтың,

қорғаушы - адвокат Г.Т. Саржановтың қатысуларымен ашық сот отырысында жалпы тәртіппен қылмыстық істі қарады, ол бойынша:

, 8 қыркүйек 1990 жылы Жамбыл облысында туылған, ұлты - қазақ, білімі орта, заңды некеде тұрған, жұмыссыз, бұрын сотты болмаған, тұрғылықты жері: Жамбыл облысы, Шу қаласы,

№2 үй, 1 пәтер,

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі -ҚК) 190-бабының 4-бөлігінің 2) тармағында және 190-бабының 3-бөлігінің 1,4) тармақтарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін сотқа берілген,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Ә.А.Шаймерденова меншікке қарсы ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықты төмендегі мән-жайларда жасаған.

1-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2019 жылдың тамыз айында «М-Ломбард» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (әрі қарай ЖШС) жанындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жүріп, соңғыда оңай жолмен пайда табу мақсатында алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді аса ірі мөлшерде жасауға және ақшаны қарызға алып, оны қайтармайтынын біле тұра ақшаны өзінің пайдасына иемденуге бағытталған қылмыстық ойы туындаған. Ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында сеніміне кіретін тұлғаны іздестірген. Содан өзінің

танысы «Бақтияр» базарындағы «Айтош» асханасының аспазшысы болып жұмыс істейтін жәбірленуші Н.А. Жангуттиева оған тырнағын жөндетуге барған.

Осы кезде ол өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын ақырына дейін жеткізу мақсатында, жәбірленуші Н.А. Жангуттиеваға сол жердегі «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл оқиғадан бей хабар болған А.Р. Ордабаева арқылы істейтінін айтып сеніміне кірген.

Ә.А. Шаймерденованың «М-Ломбард» ЖШС-нің жанындағы бос орында жұмыс істеп жүргендіктен сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар екендігіне сеніп жәбірленуші Н.А. Жангуттиева, шамамен 2019 жылдың тамыз айының ортасында, алғашқыда өзінің жиған 1 764 000 теңге ақшасын жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында Ә.А. Шаймерденоваға қолма-қол берген.

Содан Ә.А. Шаймерденованың айтқандарына және салған ақшасының ай сайынғы пайызын алып отырғанына сенген жәбірленуші Н.А. Жангуттиева туыстарынан қарызға алып, оларға ескертпестен Ә.А. Шаймерденованың Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекен-жайында орналасқан жұмыс орынына апарып қолма-қол және соңғының айтуы бойынша анасы Н. Картабаеваның 8-707-857-77-87 абоненттік нөміріне тіркелген «Каспий голд» қондырғысына 13.07.2020 жыл 300 000 теңге, 15.09.2020 жылы 119 000 теңге, 27.01.2021 жылы 70 000 теңге, 01.05.2021 жылы 150 000 теңге, 25.05.2021 жылы 250 000 теңге, 19.06.2021 жылы 100 000 теңге, 08.09.2021 жылы 238 000 теңге, 03.11.2021 жылы 300 000 теңге, 05.11.2021 жылы 410 000 теңге, 10.11.2021 жылы 1 000 000 теңге, 23.11.2021 жылы 2000 теңге, 06.12.2021 жылы 993 000 теңге жалпы 3 932 000 теңге, ақша аударымдарын жасап, 10 921 000 теңге ақша қолма-қол жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында беріп отырған.

Сөйтіп, Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Н.А. Жангуттиеваға жалпы құны 16 617 000 теңге мүліктік залал келтірген.

2-эпизод. Ә.А. Шаймерденова, 2020 жылдың қазан айында өзімен бірге шаштаразшы болып жұмыс істеген Е.А. Акбаеваның сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 15 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші Е.А. Акбаева күдікті Ә.А. Шаймерденованың «М-Ломбард» ЖШС-нің қасындағы бос орында тырнақ шебері болып жұмыс істеп жатқанына және сол ЖШС-тің қызметкерлерімен байланысы бар болар деп айтқанына сеніп, 24.10.2020 жылы «КМФ» банкінен өзінің атына несиеге



алған 1 500 000 теңге ақшасына 500 000 теңге қосып 2 000 000 теңге қылып сол күні Ә.А. Шаймерденоваға қолма-қол берген.

Осыдан кейін жәбірленуші Е.А. Акбаева Ә.А. Шаймерденоваға берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте алған соң ешбір ойсыз 2020 жылдың желтоқсан айынан 2022 жылдың наурыз айына дейін жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында 4 540 000 теңге ақшаны қолма-қол берген.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Е.А. Акбаеваға жалпы құны 6 540 000 теңге мүліктік залал келтірген.

3-эпизод. Ә.А. Шаймерденова, 2021 жылдың сәуір айында жәбірленуші Г.Д. Ережепованың сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 12 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтқан.

Алайда, жәбірленуші Г.Д. Ережепова науқастанып, Шу қалалық ауруханасында емделіп жатқанда Ә.А. Шаймерденова оған қайта-қайта ақша салуын айтуын қоймаған соң, 28.04.2021 жылы өзінің отбасымен үй алуға жинап отырған 2 500 000 теңге ақшасын енесі И. Усенова және күйеуі Е. Асембаевқа тапсырып, Ә.А. Шаймерденоваға апарып беруін өтінген.

28.04.2021 жылы жәбірленуші Г.Д. Ережепованың күйеуі Е. Асембаев және енесі И. Усенова аталған ақшаны Г.Д. Ережепованың жұмыс орыны яғни, Шу қаласы, Сатпаев көшесінде орналасқан «Бақтияр» базарының ішінде орналасқан «Айтош» асханасында Р. Жангуттиеваның көзінше қолма-қол қолхат арқылы берген.

Содан жәбірленуші Г.Д. Ережепова 2022 жылдың ақпан айында Ә.А. Шаймерденовадан берген ақшасының жиналғандағы соммасы қанша болғандығын сұрағанда 4 900 000 болғандығын және өзіне сатып алуға үй іздей беруін айтып сендірген. Жәбірленуші Г.Д. Ережепова күдікті Ә.А. Шаймерденованың айтқандарына сеніп, өзіне сатып алуға Шу қаласынан үй іздей бастаған.

Сонымен қатар, 2022 жылдың сәуір айында жәбірленуші Г. Д. Ережепова Ә.А. Шаймерденовадан жиналған ақшасын беруін өтінген. Алайда, Ә.А. Шаймерденова оған АҚШ долларының курсы және алтын бағасы көтеріліп жатқанын айтып тағы сендірген.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Г.Д. Ережеповаға жалпы құны 2 500 000 теңге мүліктік залал келтірген.

4-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2021 жылдың мамыр айында танысы К.Б. Бимбетованың сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді



азаматша арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші К.Б. Бимбетова күдікті Ә.А. Шаймерденованың айтқанына сеніп, «Сольво», «Жусан», «КМФ» банктерінен несие алып, 07.10.2021 жылы 480 000 теңге, 14.12.2021 жылы 500 000 теңге, 14.12.2021 жылы 240 000 теңге, 31.12.2021 жылы 379 000 теңге, 16.01.2022 жылы 10 000 теңге, 11.02.2022 жылы 25 000 теңге, 15.02.2022 жылы 511 000 теңге жалпы 2 145 000 теңгесін, Ә.А. Шаймерденованың анасы Н. Картабаеваның 8-707-857-77-87 абоненттік нөміріне тіркелген, Ә.А. Шаймерденованың қолданысындағы К. Нурлукуль атаулы «Каспий голд» қондырғысына аударған.

Осыдан кейін жәбірленуші К.Б. Бимбетова күдікті Ә.А. Шаймерденоваға берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте алған соң оған сеніп, ешбір ойсыз ақшасының қалған бөлігін және алтын бұйымдарын Ә.А. Шаймерденованың жұмыс орынына барып 3 655 000 теңге ақшасын қолма-қол берген.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші К.Б. Бимбетоваға жалпы құны 5 800 000 теңге мүліктік залал келтірген.

5-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2021 жылдың мамыр айында өзінің қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру мақсатында, өзімен бірге сұлулық салонында бірге жұмыс істейтін жәбірленуші Ұ.С. Танатарованың сеніміне кіру үшін ай сайын пайызбен қайтаратынын айтып жалпы 510 000 теңге ақша сұраған.

Ә.А. Шаймерденованың айтқандарына сенген жәбірленуші Ұ.С. Танатарова ешбір ойсыз жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында 2022 жылдың наурыз айында 510 000 теңге ақша қолма-қол берген.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Ұ.С. Танатароваға жалпы құны 510 000 теңге мүліктік залал келтірген.

6-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2021 жылдың тамыз айында жәбірленуші А.С. Айгожаеваның сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса айсайын ақшасының 10 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші А.С. Айгожаева Ә.А. Шаймерденованың айтқанына сеніп, 05.08.2021 жылы «Каспий банкінен» өзінің атына 500 000 теңге және «Хоум кредит» банкінен 500 000 теңге несие рәсімдеп және өзінде болған 500 000 теңге ақшасын қосып 1 500 000 теңге қылып, сол күні Ә.А. Шаймерденованың жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осыдан кейін жәбірленуші А.С. Айгожаева Ә.А. Шаймерденоваға берген ақшасын бір мәрте алған соң және сәуір айында салған ақшаларын ай сайынғы алатын ақшасы 30 пайызбен қайтарылатынына сеніп, ешбір ойсыз



01.11.2021 жылы 650 000 теңге ақшасын Ә.А. Шаймерденованың анасы Н. Картабаеваның 8-707-857-77-87 абоненттік нөміріне тіркелген, К.Нурлукуль атаулы «Каспий голд» қондырғысына аударып, 164 000 ақшасын Ә.А. Шаймерденованың жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші А.С. Айгожаеваға жалпы құны 2 314 000 теңге мүліктік залал келтірген.

7-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2021 жылдың қыркүйек айының ортасында құрбысы және отбасы болып араласатын жәбірленуші Ж.Б. Ахметованың сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанына аударып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, істен бейхабар болған А.Р. Ордабаева арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші Ж.Б. Ахметова Ә.А. Шаймерденованың айтқанына сеніп, 11.10.2021 жылы 50 000 теңге, 12.10.2021 жылы 450 000 теңге, 31.10.2022 жылы 1 000 000 теңге, 26.02.2022 жылы 960 000 теңге, 26.02.2022 жылы 200 000 теңге және 11.04.2022 жылы 380 000 теңге жалпы 3 040 000 теңге ақшаларын Ә.А. Шаймерденованың анасы Н. Картабаеваның 8-707-857-77-87 абоненттік нөміріне тіркелген, К. Нурлукуль атаулы «Каспий голд» қондырғысына өзінің атынан, анасы Ш. Ахметова және күйеуі Б. Четтикбаевтың атынан аударып отырған.

Жәбірленуші Ж.Б. Ахметова күдікті Ә.А. Шаймерденоваға жасаған аударымдарынан, 1 090 000 теңге ақшасы алтынға инвестиция ретінде қайтарылса, 1 950 000 теңгесі қайтарылмаған.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Ж.Б. Ахметоваға жалпы құны 1 950 000 теңге мүліктік залал келтірген.

8-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2021 жылдың қазан айында өзінің құрбысы жәбірленуші Н.Б. Копбаеваның сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтқан.

Жәбірленуші Н.Б. Копбаева Ә.А. Шаймерденованың айтқандарына сеніп 22.10.2021ж. КМФ банкінен өзінің атына 1 000 000 теңге ақша несиеге алып, Ә.А. Шаймерденованың жұмыс орынында соңғыға қолма-қол берген.

Әрі қарай, Н.Б. Копбаева Ә.А. Шаймерденованың айтқандарына сеніп, 25.10.2021 жылы өзінің анасынан қарызға 1 000 000 теңге ақша алып, оны да жұмыс орынына апарып, қолма-қол берген.

Күдікті Ә.А. Шаймерденованың өзінің алдауына түскен жәбірленуші Н.Б. Копбаева біліп қоймас үшін салған ақшасының 20 пайызы ретінде 2021



жылдың қараша айының басында 200 000 теңгесін берген.

Содан Ә.А. Шаймерденованың іс-әрекетіне еш күдіктенбеген жәбірленуші Н.Б. Копбаева өзінің және күйеуі Б. Копбаевтың атынан «Каспий банкінен» несиелер алып, Ә.А. Шаймерденованың айтуы бойынша ақшаның бір бөлігін анасы Н. Картабаеваның 8-707-857-77-87 абоненттік нөміріне тіркелген, К. Нурлукуль атаулы «Каспий голд» қондырғысына 02.02.2021 жылы 883 000 теңге, 26.02.2022 жылы 300 000 теңге жалпы 1 183 000 теңге ақшаларын өзінің атынан және күйеуі Б. Копбаевтың атынан аударып, 3 517 000 теңге ақшасын соңғының жұмыс орынына апарып, қолма-қол беріп отырған.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Н.Б. Копбаеваға жалпы құны 6 500 000 теңге мүліктік залал келтірген.

9-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2021 жылдың желтоқсан айының 5- күні өзінің жұмыс орынында яғни, сұлулық салонында еден жуушы А.М. Емелжанованың сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақшасалса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтып сенімге кірген.

Әрі қарай, жәбірленуші А.М. Емелжанова Ә.А. Шаймерденованың айтқанына сеніп, 2021 жылдың желтоқсан айының 5-күні «Каспий банкінен» 500 000 теңге ақша өзінің атына несие алып, сол күні Ә.А. Шаймерденованың жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осыдан кейін жәбірленуші А.М. Емелжанова Ә.А. Шаймерденоваға берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте яғни 400 000 теңгесін алған соң оған сеніп, ешбір ойсыз 19.02.2022 жылы «Каспий банкінен» өзінің атына 500 000 теңге несие рәсімдеп, күдікті Ә.А. Шаймерденованың жоғарыда көрсетілген жұмыс орынына барып, қолма-қол берген.

Осылайша күдікті Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші А.М. Емелжановаға жалпы құны 600 000 теңге мүліктік залал келтірген.

10-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2021 жылдың желтоқсан айының 18- күні құрбысы әрі отбасы болып араласатын жәбірленуші Г.Б. Узденованың сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 17 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл істен бейхабар болған А.Р. Ордабаева арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші Г.Б. Узденова Ә.А. Шаймерденованың айтқанына сеніп, 2021 жылдың желтоқсан айының 21-күні «Каспий банкінен» 1 000 000 теңге ақша несие алып, сол күні Ә.А. Шаймерденованың



анасының атына тіркелген, К. Нурлукуль атаулы «Каспий голд» қондырғысына ЖСН арқылы Шу қаласы, Ж. Түйебекова көшесінде орналасқан «Голд Империя» сауда үйіндегі терминал арқылы аударған.

Осыдан кейін жәбірленуші Г.Б. Узденова Ә.А. Шаймерденоваға берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте алған соң оған сеніп, ешбір ойсыз 27.02.2022 жылы 400 000 теңге ақшасын Ә.А. Шаймерденованың анасы Н. Картабаеваның 8-707-857-77-87 абоненттік нөміріне тіркелген К. Нурлукуль атаулы «Каспий голд» қондырғысына аударып, 240 000 теңгесін соңғының Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекен-жайында орналасқан жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Г.Б. Узденоваға жалпы құны 1 640 000 теңге мүліктік залал келтірген.

11-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2021 жылдың желтоқсан айының соңында құрбысы Н.Б. Копбаеваның туған әпкесі жәбірленуші Р.Б. Рахманованың сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі Айгүл есімді азаматша арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші Р.Б. Рахманова Ә.А. Шаймерденованың айтқанына сеніп, 2021 жылдың желтоқсан айының соңында 1 000 000 теңге ақшасын алып Ә.А. Шаймерденованың жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осыдан кейін жәбірленуші Р.Б. Рахманова Ә.А. Шаймерденоваға берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте алған соң оған сеніп, ешбір ойсыз Ә.А. Шаймерденованың анасы Н. Картабаеваның 8-707-857-77-87 абоненттік нөміріне тіркелген, К. Нурлукуль атаулы «Каспий голд» қондырғысына 25.04.2022 жылы 950 000 теңге және 50 000 теңге, 18.04.2022 жылы 550 000 теңге ақша аударып, қалған 225 000 теңге ақшасын соңғының жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Р.Б. Рахмановаға жалпы құны 2 775 000 теңге мүліктік залал келтірген.

12-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2022 жылдың ақпан айында Н.Б. Копбаеваның туған әпкесі жәбірленуші А.Б. Рахманованың сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл істен хабары жоқ А.Р. Ордабаева арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші А.Б. Рахманова Ә.А. Шаймерденованың айтқанына сеніп, 2022 жылдың ақпан айында «Халық банкінен» өзінің атынан 1 000 000 теңге ақша несиеге алып, Ә.А. Шаймерденованың анасы Н.



Картабаеваның 8-707-857-77-87 абоненттік нөміріне тіркелген, К. Нурлукуль атаулы «Каспий голд» қондырғысына аударған.

Осыдан кейін жәбірленуші А.Б. Рахманова Ә.А. Шаймерденоваға берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте алған соң оған сеніп, ешбір ойсыз 2022 жылдың ақпан айынан сәуір айлары аралығында Ә.А. Шаймерденовананың анасы Н. Картабаеваның «Каспий голд» қондырғысына 1 350 000 теңге ақша аударған.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші А.Б. Рахмановаға жалпы құны 2 350 000 теңге мүліктік залал келтірген.

13-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2022 жылдың ақпан айында құрбысы Ж.А. Алиманованың Алматы қаласынан келгенін біліп, соңғының қал-жағдайын сұрауды сылтауратып, мекен-жайына барған.

Әрі қарай екеуі өзара сөйлесу барысында Ә.А. Шаймерденова құрбысы Ж.А. Алиманованың сеніміне кіру үшін, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 6 айдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатыны туралы айтқан. Жәбірленуші Ж.А. Алиманова Ә.А. Шаймерденовамен бала кезінен бірге өсіп, Алматы қаласында бір жатақханада тұрып жақсы араласқанынан кейін оған сеніп, өзінің жинаған ақшасынан 1 000 000 теңгені алып, Ә.А. Шаймерденоваға өзінің мекен-жайында қолма-қол берген.

Сонымен қатар, Ә.А. Шаймерденова жәбірленуші Ж.А. Алимановаға алтынға инвестиция құны алтынның бағасы және АҚШ долларының бағасы көтеріліп жатқанын айтып, енді салынған ақша ай сайын 30 пайызбен түсетіні туралы айтып сендірген.

Оның бұл алдауына жәбірленуші Ж.А. Алиманова ешбір ойсыз сеніп, өзінің жинаған 1 500 000 теңге ақшасын Ә.А. Шаймерденоваға жоғарыда көрсетілген мекен-жайында қолма-қол берген.

Әрі қарай, Ә.А. Шаймерденова 2022 жылдың наурыз айында жәбірленуші Ж.А. Алиманованың салған ақшасының пайызы ретінде 350 000 теңге ақша берген.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Ж.А. Алимановаға жалпы құны 2 000 000 теңге мүліктік залал келтірген.

14-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2022 жылдың наурыз айының 18-күні танысы жәбірленуші Р.Т. Сейтпенбетованың сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл істен бейхабар А.Р. Ордабаева арқылы істейтіні туралы айтқан.

Жәбірленуші Р.Т. Сейтпенбетова Ә.А. Шаймерденовананың айтқандарына сеніп өзінің күйеу баласы М. Көшкімбайдан 1 000 000 теңге



қарызға алып, 21.03.2022 жылы 990 000 теңге ақшаны жәбірленуші Н.Б. Копбаеваның күйеуі Б. Копбаевтың атынан, күдікті Ә.А. Шаймерденованың айтуы бойынша соңғының анасы Н. Картабаеваның 8-707-857-77-87 абоненттік нөміріне тіркелген «Каспий голд» қондырғысына аударып, 10 000 теңгесін соңғының жұмыс орынында қолма-қол берген.

Ә.А. Шаймерденованың өзінің алдауына түскен жәбірленуші Р.Т. Сейтпенбетова біліп қоймас үшін салған ақшасының 20 пайызы ретінде 20.04.2022 жылы 200 000 теңгесін беріп, соңғыға осы айда ақша салатын болса 30 пайызбен қайтарылатынын айтып сендірген.

Ә.А. Шаймерденованың сөзін естіген жәбірленуші Р.Т. Сейтпенбетова соңғыдан алғашқы салған ақшасы үшін пайызын алғанын сеніп, ақшасын көбейту мақсатында Ә.А. Шаймерденоваға үйінде болған 800 000 теңге ақшасын, өзінің Шу қаласы, Ақбура көшесі №16 мекенжайында қолма-қол берген.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Р.Т. Сейтпенбетоваға жалпы құны 1 600 000 теңге мүліктік залал келтірген.

15-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2022 жылдың наурыз айында танысы А.К. Кондыбаеваның сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл істен бейхабар А.Р. Ордабаева арқылы істейтіні туралы айтқан.

Әрі қарай, жәбірленуші А.К. Кондыбаева Ә.А. Шаймерденованың айтқанына сеніп, 24.03.2022 жылы «Каспий банкінен» өзінің атына 800 000 теңге несие алып, Ә.А. Шаймерденованың жұмыс орынына барып қолма-қол қолхат арқылы берген.

Осыдан кейін жәбірленуші А.К. Кондыбаева Ә.А. Шаймерденоваға берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте алған соң және сәуір айында салған ақшаларын ай сайынғы алатын ақшасы 30 пайызбен қайтарылатынына сеніп, ешбір ойсыз 26.04.2022 жылы «КМФ» банкінен өзінің атына 840 000 теңге несие рәсімдеп, сол күні Ә.А. Шаймерденованың жұмыс орынына апарып қолма-қол берген.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші А.К. Кондыбаеваға жалпы құны 1 640 000 теңге мүліктік залал келтірген.

16-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2022 жылдың наурыз айында өзіне тырнағын жөндетіп жүрген жәбірленуші Г.Б. Омбаеваның сеніміне кіру мақсатында, «М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл істен бейхабар болған А.Р. Ордабаева арқылы істейтіні туралы айтқан.



Әрі қарай, жәбірленуші Г.Б. Омбаева Ә.А. Шаймерденованың айтқанына сеніп, 24.03.2022 жылы «Хоум кредит» банкінен өзінің атына 1 000 000 теңге несие алып, сол күні Ә.А.Шаймерденоваға күйеуі Е.Т. Омбаев, Ш. Оспанбетова және А. Смагулованың қатысуымен Шу қаласы, Сатпаев көшесінде орналасқан «Сауда Сервис» орталық базарындағы сауда орынында қолма-қол берген.

Осыдан кейін жәбірленуші Г.Б. Омбаева Ә.А. Шаймерденоваға берген ақшасының айлық пайызын бір мәрте яғни, 300 000 теңгесін алған соң және сәуір айында салған ақшаларын ай сайынғы алатын ақшасы 30 пайызбен қайтарлатынына сеніп, ешбір ойсыз 20.04.2022 жылы «Каспий банкінен» өзінің атына 1 000 000 теңге несие рәсімдеп, 24.04.2022 жылы Ә.А. Шаймерденованың анасы Н. Картабаеваның 8-707-857-77-87 абоненттік нөміріне тіркелген, «Каспий голд» қондырғысына 20.04.2022 жылы 3-мәрте яғни, 500 000 теңге, 400 000 теңге және 100 000 теңге ақша аударымдарын жасаған.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші Г.Б. Омбаеваға жалпы құны 1 700 000 теңге мүліктік залал келтірген.

17-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2022 жылдың сәуір айының 27-күні жәбірленуші К.К. Рахманованың сеніміне кіру үшін, соңғының Шу қаласы, Алтынсарин көшесі 4-ші бұрылыс 9 үй мекен-жайына барып, жаңадан сұлулық салонын ашайын деп жатқанын және соған орындық алатынын айтып, соған ақша сұрап, салон ашқан соң қайтаратынын айтып жалпы құны 1 500 000 теңге ақшасын иемденген.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші К.К. Рахмановаға жалпы құны 1 500 000 теңге мүліктік залал келтірген.

18-эпизод. Ә.А. Шаймерденова 2022 жылдың сәуір айының басында өзімен бірге сұлулық салонында жұмыс жасайтын жәбірленуші А.Қ. Аманованың сеніміне кіру мақсатында, пайызға 400 000 теңге ақша бере тұруын, 20 пайызын ай сайын қайтарып тұратынын айтқан.

05.04.2022 жылы соңғының айтқанына сенген жәбірленуші А.Қ. Аманова, ешбір ойсыз, өзінде болған 400 000 теңге ақшаны Ә.А. Шаймерденованың анасы Н. Картабаеваның 8-707-857-77-87 абоненттік нөміріне тіркелген «Каспий голд» қондырғысына аударған.

Әрі қарай, Ә.А. Шаймерденова алған бетінен қайтпай жәбірленуші А.Қ. Амановада ақша бар екендігін нақты біле тұра, тағы да ай сайын 20 пайызбен қайтарып тұратынын айтып, 300 000 теңге сұраған.

Оның айтуына сенген жәбірленуші А.Қ. Аманова ешбір ойсыз Ә.А. Шаймерденоваға 300 000 теңге ақшасын, шамамен 10.04.2022 жылы Шу қаласы, Сатпаев көшесі №215 мекен-жайында орналасқан жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осыдан кейін Ә.А. Шаймерденова жәбірленуші А.Қ. Аманованың



сеніміне қиянат жасау мақсатында жаңадан сұлулық салонын салатынын және әр шеберге бөлек-бөлек бөлме беретінін, өз атына 500 000 теңге несие алып, ай сайын өзі төлеп тұратынын айтып сендірген.

Оның айтқанына жәбірленуші А.Қ. Аманова сеніп, 10.04.2022 жылы «Каспий банкінен» өз атына 500 000 теңге ақша алып, Ә.А. Шаймерденоваға жоғарыда көрсетілген жұмыс орынында қолма-қол берген.

Осылайша Ә.А. Шаймерденова өзінің қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленуші А.Қ. Амановаға жалпы құны 1 148 000 теңге мүліктік залал келтірген.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Басты сот талқылауында сотталушы Ә.А. Шаймерденова өзіне тағылған айып бойынша кінәсін толық мойындап, жасаған қылмысы үшін шын жүректен өкініп, өзіне қатысты бас бостандығынан айырмайтын жаза тағайындауды сұрап, төмендегідей айғақ берді, ол, Шу қаласы, Сатпаев көшесінің бойында орналасқан «Нұрсұлтан» жиһаз сататын дүкенінің жер төресіндегі «М-Ломбард» ЖШС-нің жанында орналасқан бөлмедегі орында тырнақ шебері болып жұмыс істегенін. Оған дейін «Бақтияр» базарындағы дүңгіршектердің бірінде шаштаразшы болып жұмыс істегенін. 2019 жылдан 2022 жылдар аралығында, жәбірленушілер

«М-Ломбард» ЖШС-де алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салса ай сайын ақшасының 20-30 пайызын алып тұратынын, 1 жылдан кейін салған ақшасы түгелдей қайтарылатынын және бұндай істі сол жердегі, бұл оқиғадан бей хабар болған А.Р. Ордабаева арқылы істейтінін айтып сенімдеріне кіргенін. Соның салдарынан, жәбірленуші Н.Б. Копбаевадан 6 500 000 теңгесін иемденіп алып, 2 000 000 теңгесін қайтарылғанын, 4 500 000 теңгесін, Ж.Б. Ахметовадан 1 950 000 теңгесін иемденіп алғанын, 500 000 теңгесін қайтарылғанын, 1 450 000 теңгесін, Р.Т. Сейтпенбетовадан 1 600 000 теңгесін иемденіп, 500 000 теңгесін қайтарып, 1 100 000 теңгесін, Г.Б. Узденовадан 1 640 000 теңгесін иемденіп, 500 000 теңгесін қайтарып, 1 140 000 теңгесін, А.К. Кондыбаевадан 1 640 000 теңгесін иемденіп, 1 000 000 теңгесі қайтарылып, 640 000 теңгесін, А.Б. Рахмановадан 2 350 000 теңгесін, Г.Б. Бимбетовадан 5 800 000 теңгесін иемденіп, 500 000 теңгесін қайтарып, 5 300 000 теңгесін, Р.Б. Рахмановадан 2 775 000 теңгесін иемденіп, 600 000 теңгесін қайтарып, 2 175 000 теңгесін, Н.А. Жангуттиевадан 16 617 000 теңгесін иемденіп, 9 117 000 теңге қайтарылып, 7 500 000 теңгесін, А.М. Емелжановадан 600 000 теңгесін иемденіп, 500 000 қайтарылып, 100 000 теңгесін, Г.Б. Омбаевадан 1 700 000 теңгесін иемденіп, 700 000 теңгесін қайтарып, 1 000 000 теңгесін, А.С. Айгожаевадан 2 314 000 теңгесін



иемденіп, 664 000 теңгесін қайтарылып, 1 650 000 теңгесін, Ұ.С. Танатаровадан 510 000 теңгесін иемденіп, қайтарып бергенін, Г.Д. Ережеповадан 2 500 000 теңгесін иемденіп, 600 000 теңгесін қайтарылып, 1 900 000 теңгесін, Ж.А. Алимановадан 2 000 000 теңгесін иемденіп, 600 000 теңгесін қайтарылып, 1 400 000 теңгесін, А.Қ. Амановадан 2 000 000 теңгесін иемденіп, 1 600 000 теңгесін қайтарылып, 400 000 теңгесін, Е.А. Акбаевадан 6 540 000 теңгесін иемденіп, 3 740 000 теңгесін қайтарылып, 2 800 000 теңгесін алып мүліктік залал келтіргенін айтып, айғақ берді (файл 3166-22-00-1/90_2022-09-06_1500.docx, жауап алу уақыты 16:09:13 16:28:16).

Сотталушы Ә.А. Шаймерденованың өз кінәсін толық мойындағанымен қатар, оның қылмыстық әрекеттері сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде жинақталған және басты сот талқылауында зерделеніп талқыланған құжаттармен толық дәлелденеді.

Атап көрсеткенде, басты сот талқылауында жәбірленушілер ретінде жауап берген: Н.Б. Копбаева сотталушы Ә.А. Шаймерденова оны алдап, яғни «М-Ломбардта» алтындарға инвестиция жүріп жатқанын айтып, соған ақша салсаң ай сайын 20 пайызбен қайтарылады деп оның 6 500 000 теңгесін иемденіп алып, 2 000 000 теңгесін қайтарып, 4 500 000 теңгесін, Ж.Б. Ахметова сотталушы Ә.А. Шаймерденова оны алдап, 1 950 000 теңгесін иемденіп алғанын, 500 000 теңгесін қайтарып, 1 450 000 теңгесін, Р.Т. Сейтпенбетова 1 600 000 теңгесін иемденіп, 500 000 теңгесін қайтарып, 1 100 000 теңгесін, Г.Б. Узденова 1 640 000 теңгесін иемденіп, 500 000 теңгесін қайтарып, 1 140 000 теңгесін, А.К. Кондыбаева 1 640 000 теңгесін иемденіп, 1 000 000 теңгесі қайтарылып, 640 000 теңгесін, А.Б. Рахманова 2 350 000 теңгесін, Г.Б. Бимбетова 5 800 000 теңгесін иемденіп, 500 000 теңгесін қайтарып, 5 300 000 теңгесін, Р.Б. Рахманова 2 775 000 теңгесін иемденіп, 600 000 теңгесін қайтарып, 2 175 000 теңгесін, Н.А. Жангуттиева 16 617 000 теңгесін иемденіп, 9 117 000 теңге қайтарылып, 7 500 000 теңгесін, А.М. Емелжанова 600 000 теңгесін иемденіп, 500 000 қайтарылып, 100 000 теңгесін, Г.Б. Омбаева 1 700 000 теңгесін иемденіп, 700 000 теңгесін қайтарып, 1 000 000 теңгесін, А.С. Айгожаева 2 314 000 теңгесін иемденіп, 664 000 теңгесін қайтарылып, 1 650 000 теңгесін, Ұ.С. Танатарова 510 000 теңгесін иемденіп, қайтарып бергенін, Г.Д. Ережепова 2 500 000 теңгесін иемденіп, 600 000 теңгесін қайтарылып, 1 900 000 теңгесін, Ж.А. Алиманова 2 000 000 теңгесін иемденіп, 600 000 теңгесін қайтарылып, 1 400 000 теңгесін, А.Қ. Аманова 2 000 000 теңгесін иемденіп, 1 600 000 теңгесін қайтарылып, 400 000 теңгесін, Е.А. Акбаева 6 540 000 теңгесін иемденіп, 3 740 000 теңгесін қайтарылып, 2 800 000 теңгесін алып қайтармағаны туралы көрсетіп, қазіргі таңда сотталушы Ә.А. Шаймерденованы барлығы кешіргенін, оған қатысты бас бостандығынан айырмайтын жаза қолдануды сұрап, айғақ берді.

Сот талқылауында жәбірленуші К.К. Рахманова 2022 жылдың 27 сәуірінде кешкі сағат 19:00 шамасында үйіне қызының құрбысы Ә.А.



Шаймерденова келгенін, ол өзінен анда-санда қарызға ақша алып, айтылған уақытында беріп тұратынын. Сол күні Ә.А. Шаймерденова үйге келген кезде өзінен 1 500 000 теңге қарыз ақша, яғни жаңадан сұлулық салонын ашып жатқанын айтып, соған орындық аламын деп айтқанын. Оған ешбір ойсыз және ешбір қолхатсыз 1 500 000 теңге ақшасын бергенін. Сол күні А.Б. Рахмановадан Ә.А. Шаймерденова Шу қаласының тұрғындарын алдап алаяқтық жолмен ақшаларын алып, қайтармай жүргені туралы естігенін, және солармен бірге Шу аудандық полиция бөліміне арызданғанын айтып, айғақ берді.

Сондай-ақ, сотталушы Ә.А. Шаймерденова өзіне келтірілген мүліктік залалды жартылай өтегенін, қазіргі таңда оны кешіргенін айтып, жеңіл жаза қолдануды сұрады (файл 3166-22-00-1/90_2022-09-06_1500.docx, жауап алу уақыты 15:52:37-15:54:54).

Сотта даусыз анықталғандай, сотталушы Ә.А. Шаймерденова жәбірленушілерден ақшаларын алу барысында бір ғана тәсіл қолданған, яғни, жәбірленушілерге алтынға инвестиция жүріп жатқанын айтып және қарыз ақша алып, оны қайтармай алдап ақшаларын жымқырған.

Бұған қоса, сотталушы Ә.А. Шаймерденоваға тағылған айып сотта әзірленген келесі даусыз дәлелдемелермен өз дәлелін тапты: жәбірленуші Н.Б. Копбаевадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (1 бума іс беттері 25-32); жәбірленуші Ж.Б. Ахметовадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (1 бума іс беттері 51-55); жәбірленуші Г.Б. Узденовадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (1 бума іс беттері 135-138); жәбірленуші А.К. Кондыбаевадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (1 бума іс беттері 158-161); жәбірленуші А.Б. Рахмановадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (2 бума іс беттері 12-17); жәбірленуші К.Б. Бимбетовадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (2 бума іс беттері 48-65); жәбірленуші Р.Б. Рахмановадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (2 бума іс беттері 85-96); жәбірленуші Н.А. Жангуттиевадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (2 бума іс беттері 128-151); жәбірленуші А.М. Емелжановадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (2 бума іс беттері 170-174); жәбірленуші Г.Б. Омбаевадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (3 бума іс беттері 25); куә Е.Т. Омбаевтан жауап алу хаттамасымен (3 бума 47-49 беттер); куә Ш. Оспанбековадан жауап алу хаттамасымен (3 бума 52-54 беттер); жәбірленуші А.С. Айгожаевадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (3 бума іс беттері 71-82); жәбірленуші Е.А. Акбаевадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (3 бума іс беттері 112-131); куә А.Р. Ордабаевадан жауап алу хаттамасымен (4 бума 66-72 беттер); жәбірленуші А.С. Айгожаева мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру



хаттамасымен (4 бума 148-155 беттер); куә Н. Картабаевадан жауап алу хаттамасымен (4 бума 157-161 беттер); куә С. Тугелбаевадан жауап алу хаттамасымен (4 бума 164-170 беттер); куә Р. Жангуттиевтен жауап алу хаттамасымен (6 бума 105-107 беттер); куә Б. Тулегеновадан жауап алу хаттамасымен (7 бума 100-106 беттер); жәбірленуші А.Б. Рахманова мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (6 бума 59-62 беттер); жәбірленуші А.М. Емелжанова мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (5 бума іс беттері 152-156); жәбірленуші Н.А. Жангуттиева мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (5 бума 157-164 беттер); жәбірленуші Р.Б. Рахманова мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (5 бума 165-171 беттер); жәбірленуші А.К. Кондыбаева мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (5 бума 172-177 беттер); жәбірленуші Р.Т. Сейтпенбетова мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (6 бума 1-6 беттер); жәбірленуші Г.Б. Узденова мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (6 бума 7-13 беттер); жәбірленуші Н.Б. Копбаева мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (6 бума 14-21 беттер); жәбірленуші Ж.Б. Ахметова мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (6 бума 22-26 беттер); жәбірленуші К.Б. Бимбетова мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (6 бума 27-33 беттер); жәбірленуші Г.Д. Ережепова мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (6 бума 34-40 беттер); жәбірленуші Е.А. Акбаева мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (6 бума 41-46 беттер); жәбірленуші Г.Б. Омбаева мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (6 бума 47-53 беттер); жәбірленуші Ұ.С. Танатарова мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (6 бума 54-58 беттер); жәбірленуші К.К. Рахманова мен Ә.А. Шаймерденованың арасындағы жүргізілген беттестіру хаттамасымен (6 бума 59-62 беттер); жәбірленуші А.Қ. Амановадан несие және ақша айналымдарына алу жүргізу хаттамасымен (7 бума іс беттері 57-60); жәбірленуші К.Б. Бимбетовадан ақша айналымдарын алу туралы мәліметтер, «Ватсап» интернет желісі арқылы сөйлесулер, қолхат көшірмелері және аудиожазба жазылған «DVD» дискке алу жүргізу хаттамасымен (6 бума 74 беттер); жәбірленуші Г.Д. Ережеповадан «Ватсап» интернет желісі арқылы сөйлесулер, қолхат көшірмелері және бейнежазба жазылған «DVD» дискке алу жүргізу хаттамасымен (6 бума 90-95 беттер); жәбірленуші А.К. Кондыбаевадан қолхат көшірмелерін алу жүргізу хаттамасымен (6 бума 74 беттер).

Сотталушының, мемлекеттік айыптаушының, қорғаушының пікірлерін тыңдап, істегі әрбір дәлелдеменің қатыстылығы, жол берілушілігі,



дұрыстығы, ал барлық жиналған дәлелдемелердің жиынтығын қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалап, сот сотталушы Ә.А. Шаймерденоваға тағылған айып бойынша кінәсі толығымен анықталған және дәлелденген деп санайды.

Алайда, сот, алдын-ала тергеп тексеру орнымен сотталушы Ә.А. Шаймерденоваға ҚК-тің 190-бабының 3-бөлігінің 1,4) тармақтарымен тағылған айыбы артық тағылғанына байланысты, оның айыбынан алынып тасталуға жатады деп санайды, себебі ҚК-тің 190-бабының 4-бөлігінде осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерді қамтиды және қылмыстық іс тағылған айыптың шеңберінде қаралды.

Осыған орай, сот, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органымен сотталушы Ә.А. Шаймерденованың қылмыстық іс-әрекеттері түпкілікті ҚК-тің 190-бабының 4-бөлігінің 2) тармағымен дұрыс сараланған деген тұжырымға келді, себебі ол, алаяқтық, яғни алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді ірі және аса ірі мөлшерде, бірнеше рет жасаған.

Сотталушыға жаза тағайындағанда, сот, ҚК-тің 52,53,54 - баптарын ескеріп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 25-шы маусым 2015 жылғы №4 “Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы” нормативтік қаулысын басшылыққа ала отырып, оның жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, жеке басын, сонымен бірге оның қылмыстық құқық бұзушылықты жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды, сондай-ақ, тағайындалған жаза оның түзелуіне ықпалы ететінін ескереді.

ҚК-тің 54-бабында көзделген жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайларды, сот, сотталушы Ә.А. Шаймерденованың іс-әрекетінде таппады.

Сот, ҚК-тің 53-бабында көзделген сотталушы Ә.А. Шаймерденованың жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларға, сот, қылмыстық құқық бұзушылықты бірінші мәрте жасағанын, бұл үшін шын ниетпен өкінгендігін, кінәсін толық мойындағанын, тұрғылықты мекен-жайынан жағымды және ұнамды жағынан мінезделетінін, өзі әйел адам болғандығын, кәмелетке толмаған үш жас балаларының барын, жәбірленушілер оны кешіргендерін, жәбірленушілерге келтірілген мүліктік залалды жартылай өтегенін, өтелмеген залалдың мөлшерін толық өтеуді жолдасы екеуі қолхат беру арқылы мойнына алғандығын, жасалған қылмыс арқылы ауыр зардаптар келтірілмегенін, оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқын, жауаптылық пен жазасын жеңілдететін мән-жайлар ретінде табады.

ҚК-тің 39-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жаза әлеуметтік әділеттікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.



Сот, сотталушы Ә.А. Шаймерденоваға қатысты жаза тағайындау кезінде, жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың негізінде және сотталушының жеке басына берілген мәліметтерге баға бере келе, жәбірленушілердің оған қатысты бас бостандығынан айырмайтын жаза тағайындау туралы пікірлерін ескеріп, оған тағылған айып бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі ең төмен жаза тағайындауды дұрыс және әділ деп есептейді, себебі бұл жаза түрі әділ және оның түзелуіне ықпал етеді, сондай-ақ басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алады.

Сондықтан, ҚК-тің 46-бабының 5-бөлігінің 2)-тармағына сай, сотталушы Ә.А. Шаймерденоваға бас бостандығынан айыру жазасының өтелуі қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде тағайындалу қажет.

Бірақ, сот, ҚК-тің 74-бабының 1-бөлігіне сай, сотталған Ә.А. Шаймерденовада 16.03.2020 жылы туылған жас қызы -

болуына байланысты жазаны өтеуін 5 (бес) жыл мерзімге кейінге қалдыруды дұрыс деп табады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» №4 нормативтік қаулысының 20 тармағына сай, сотталушыны кінәлі деп таныған ҚК-нің бабы санкциясында мүлікті тәркілеу қосымша жаза ретінде көзделген жағдайларда ғана ол тағайындалуы мүмкін. Тәркілеуге жататын мүлік үкімнің қарар бөлігінде анық көрсетілуге тиіс. Тәркілеу сотталғанның және (немесе) үшінші тұлғалардың меншігінде тұрған, заңсыз тәсілмен табылған не заңсыз тәсілмен табылған қаражатқа сатылып алынған мүлікке, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікке ғана қолданылуы мүмкін.

Тәркілеу нысанасына мүлікті жатқызу ҚПК-тің 113-бабының үшінші бөлігі ережелеріне сәйкес дәлелденуге тиіс мән-жай болып табылатынын ескеру қажет. Осыған байланысты мүлікті, оның ішінде үшінші тұлғаларға ресімделген мүлікті тәркілеу туралы мәселені шешу кезінде, соттар осы мүліктің және мүлік сатылып алынған қаражаттың шығу тегін айғақтайтын дәлелдемелерді тексеруі тиіс. Егер істе мүліктің шығу тегінің қылмыстық сипаты туралы мәліметтер болмаса немесе мүлік мүлдем анықталмаса, мүлікті тәркілеу, оның ішінде қосымша жазаның осы түрінің міндетті түрде тағайындалуын көздейтін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің баптары бойынша тағайындалмайды. Мұндай жағдайда ҚК-тің 55-бабын қолдану талап етілмейді. Соттың мүлікті тәркілеу жөнінде қабылдаған шешімі үкімде ҚК-тің 48-бабында көзделген негіздердің болуына немесе болмауына сілтеме жасалып, барлық жағдайда уәжді болуға тиіс.

Сотталушы Ә.А. Шаймерденова айыпталып отырған ҚК-тің 190-бабының 4-бөлігінде қосымша жаза ретінде сотталғанның мүлкін тәркілеу көзделген.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында сотталушы Ә.А.



Шаймерденованың меншігінде тұрған, заңсыз тәсілмен табылған не заңсыз тәсілмен табылған қаражатқа сатылып алынған, қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүліктері анықталмаған.

Осыған орай, сотталушы Ә.А. Шаймерденоваға қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүліктерінің анықталмауы оған мүлікті тәркілеу қосымша жазасын тағайындамауға негіз болады.

Бұдан басқа, сот, сотталушы Ә.А. Шаймерденова қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған кезде ешқандай мемлекеттік қызметте болмағандығына байланысты, оған қатысты ҚК-тің 50-бабын қолданбауды дұрыс деп табады.

ҚК-тің 62-бабының 3-бөлігінің 2) тармағына сай, сотталушы Ә.А. Шаймерденованың үкім заңды күшіне енгенге дейін 2022 жылдың 24 мамырынан бастап күзетпен ұстау уақыты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің бір күні бір жарым күні есебімен жаза мерзіміне есептелінуі тиіс.

Бұдан бөлек, сот, азаматтық талапкерлердің азаматтық жауапкер Ә.А. Шаймерденовадан материалдық зиян өндіру туралы талап арыздарынан бас тартуларын қабылдап, 2022 жылдың 19 қыркүйектегі бөлек қаулымен ол бойынша іс жүргізу тоқтатылған.

Іс бойынша заттай дәлелдеменің тағдыры ҚПК-тің 118-бабының 3-бөлігінің 4) тармағының негізінде шешілуге жатады.

ҚПК-тің 177-178-баптарының талаптарына сай сотталушыдан мемлекет кірісіне өндіруге жататын процестік шығындар болмаған.

Сонымен қатар, сотталушы Ә.А. Шаймерденовадан мәжбүрлі төлем өндірілуге жатады, өйткені ҚК-нің 98-1-бабына сай жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кінәлі адамнан осы Кодекстің 98-2-бабында белгіленген тіркелген ақшалай сома түріндегі мәжбүрлі төлемді сот Қазақстан Республикасының «Жәбірленушілерге өтемақы қоры» туралы заңнамасында көзделген тәртіппен өндіріп алады.

Сотталушы Ә.А. Шаймерденова қылмыстық құқық бұзушылық әрекеті ауыр қылмыстар санатына жататындықтан жәбірленушілердің өтемақы қорына 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мәжбүрлі төлем өндірілуге жатады.

ҚПК-нің 387-390, 393, 395-398, 401, 402-баптарын басшылыққа алып,

ҮКІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 190-бабының 4-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, осы бап бойынша 5 (бес) жыл мерзімге бас бостандығын айыру



жазасы тағайындалсын.

жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеуге белгіленсін.

ҚК-тің 74-бабының 1-бөлігіне сай, сотталған тағайындалған жазаны өтеуін 5 (бес) жыл мерзімге кейінге қалдырылсын.

Сотталған қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы өзгертіліп, ол қамаудан сот залынан дереу босатылып, оған қатысты үкім күшіне енгенше «ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлқы туралы қолхат» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылып, үкім күшіне енген соң бұл бұлтартпау шарасы жойылсын.

Сотталған тәртібін бақылауды тұрғылықты жері бойынша пробациялық қызметінің бөліміне жүктелсін.

Сотталған үкім заңды күшіне енгеннен кейін он күн мерзімде тұрғылықты жеріндегі пробация қызметіне есепке қою үшін келу міндеттілігі түсіндірілсін.

ҚК-тің 62-бабының 3-бөлігінің 2) тармағына сай, сотталған үкім заңды күшіне енгенге дейін 2022 жылдың 24 мамырынан бастап күзетпен ұстау уақыты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің бір күні бір жарым күні есебімен жаза мерзіміне есептелсін.

Заттай дәлелдемелер - жәбірленуші К.Б. Бимбетовадан алынған ақша айналымдары туралы мәліметтер, «Ватсап» желісінен алынған хабарламалар, қолхат көшірмелері, жәбірленуші Г.Д. Ережеповадан алынған «Ватсап» желісі арқылы сөйлескен хабарламалар, қолхат көшірмесі, жәбірленуші А.К. Кондыбаевадан алынған Ә.А. Шаймерденованың жазған 2-парақтан тұратын қолхаттары, жәбірленушілер Н.Б. Копбаева, Ж.Б. Ахметова, Г.Б. Узденова, А.Б. Рахманова, К.Бимбетова, Р.Б. Рахманова, Н.А. Жангутиева, А.М. Емелжанова, Г.Б. Омбаева, А. С. Айгожаева, Е.А. Акбаева, А.Қ. Аманованың өз еріктерімен ұсынған Каспий Банктен алынған үзінді көшірмелері және несиелік құжаттары, Ә.А. Шаймерденованың жәбірленушілер Г.Б. Омбаеваға және А.С. Айгожаеваға берген қолхаттары, Ә.А. Шаймерденованың адвокаты ұсынған жәбірленушілер А.С. Айгожаеваның және Р.Рахманованың жазған қолхаттарын және Н.Б. Картабаеваның атынан ашылған Каспий Банк қосымшасы арқылы алынған үзінді көшірмелері - қылмыстық істе сақталсын, 2 дана DVD-R диск қылмыстық істің сақтаудың бүкіл мерзімі ішінде іспен бірге қалдырылсын.

Сотталған жәбірленушілердің өтемақы қорына 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мәжбүрлі төлем, яғни 61 260 (алпыс бір мың екі жүз алпыс) теңге өндірілсін.

Үкімге наразы болған жақ үкім жария етілген күннен бастап 15 (он бес) тәулік ішінде Жамбыл облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот



алқасына Шу аудандық соты арқылы шағымдануға және прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Төрағалық етуші судья

М.М. Тілеубеков

